




ҚАҒАНА РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

*С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРАРЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ*

С.Д. КАСЕН. Б.Ө. ӘСІЛ

БАҒАЛАР ЖӘНЕ БАҒА КҰРАЛУЫ

Оқу құралы



АСТАНА- 2002

Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі

С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университеті

С.Д.Қасен, Б.Ө.Әсіл

БАҒАЛАР ЖӘНЕ БАҒА ҚҰРАЛУЫ

Оқу құралы

Астана-2002

УДК 338.5 ✓

С.Д. Қасен, Б.Ө. Әсіл

Бағалар және баға құралуы. Оқу құралы.-Астана,

- 2002-143бет

ISBN 9965-451-50-8

Оқу құралында баға категориясының маңызы, оның қалыптастырылу механизмі, бағаның құралуы үрдісіне әртүрлі факторлардың әсері көрсетілген, баға құралуына және бағаның мөлшерін бекітуге таңдалған тәсілдердің критерийлері негізделген.

Нарықтың әртүрлі жағдайларында кәсіпорынның баға саясатын, стратегиясын әзірлеуге, тәуекелдікті бағалау және ақшаның құнсыздануын күту сауалдарына белгілі көңіл бөлінген.

Оқу құралының соңында теоретикалық материалдарды терең түсіну үшін баға құралуының негізгі мәселелері бойынша тәжірибелік сұрақтар берілген.

Жоғарғы оқу орындарында экономика мамандығы бойынша студенттерге, кәсіпорындар жетекшілері мен мамандарына, бизнес саланың қызметкерлеріне арналған.

Сын-пікір берушілер:

С.К. Сураганова - э.г.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
мемлекеттік университетінің профессоры

Ж.А. Анафияева - э.г.к., С. Сейфуллин атындағы Қазақ
аграрлық университетінің "Қаржы және
несие" кафедрасының меңгерушісі

© С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ 00016237

Мазмұны

Кіріспе

I.	Нарықтық экономиканың макродеңгейінде бағаның құралуы.	7
II.	Экономикадағы баға жүйесі.	14
III.	Баға құралуы үрдісінің мазмұны, факторлары және критерийлары.	22
IV.	Нарықтық экономика жағдайында бағанын құралуы методологиясы.	33
V.	Баға құралуында тәуекелділік және ақшаның құнсыздануы.	48
VI.	Баға құралуының нарықтық стратегиясы.	71
VII.	Ауылшаруашылық өніміне баға құралуының ерекшеліктері.	80
VIII.	Аграрлық өнімге баға құралуының қазіргі кезеңдегі мәселелері.	97
IX.	Салық салу жүйесінде, қаржы және несие қатынастарында бағаның құралуы.	103
X.	Коммерциялық бағаның құралуының негіздері.	111
	«Баға және бағаның құралуы» пәні практикалық сабақтарына материалдар.	121
	Пайдаланатын терминдердің сөздігі.	130

К І Р І С П Е

Экономикада бірқалыпты өндірісті қамтамасыз ету, тауар өндірушілердің қажетті қаржы көрсеткіштеріне жетуі үшін көптеген факторлар мен жайларды есепке алу қажеттілігі туындайды. Бұл мақсаттың іс-жүзіне асырылу құралы шаруашылық механизмі болып табылады. Ол өз кезегінде нақты экономикалық жағдайларда қолданылатын құралдар мен тәсілдерден құрылады.

Шаруашылық механизмінің ең негізгі құрамының бірі бұл - баға. Осыған сәйкес баға құралудың теориясы мен практикасын оқып-үйрену актуальді проблемалардың бірі болып табылады. Баға құралу шиелекісті жағдайда дұрыс бағдар жасауға көмектеседі және күнделікті өмірде кездесіп отырады.

Баға, өндіріс құрылымын құруда активті инструмент болып табылады, сонымен қатар қоғамдық өнімдердің материалдық-бұйымдық формадағы қозғалысына шешуші әсерін тигізеді, өндіріс тиімділігін жоғарылатуға, жұмыс күшін үлестіруге және қолдануға әсер етеді, халықтың өмір сүру деңгейін аңықтайды.

Нарықтық экономика, тауар өндірушілердің жоғарғы деңгейде өз бетінше жұмыс істеуіне негізделген, олар үшін баға-өндірістік және қаржылық қызмет көрсеткіштерінің шешуші кілті болып табылады. Нарық, шиелекісті жағдайда өмір сүруді талап етеді. Сондықтанда дұрыс қабылданған баға құралудың бағалық стратегиясы, тактикасы мен баға құралудың экономикалық тәсілдері, меншік формасына байланыссыз кез-келген кәсіпорынның жақсы жұмыс жасауына негіз бола алады.

«Баға және баға құралуы» пәні басқа да пәндермен тығыз байланысты. Олар:

- «Қаржы»;
- «Ақша айналысы және несие»;
- «Бухгалтерлік есеп және аудит»;
- «Менеджмент»;
- «Маркетинг».

Сонымен қатар арнайы пәндер:

- «Салық және салық салу»;
- «Бағалы қағаздар» т.б.

Баға категориясы, спецификалық /өзіне ғана тән/ әлеуметтік байланыстардың ең қажетті атрибуты болып саналады, себебі тауар алмасу актілерін іс-жүзіне асыру үшін және тауар өндірушілердің қызмет көрсеткіші ретінде қолданылады.

Бағаны анықтау тәсілі нарық табиғатын және сол экономикалық жүйені сипаттайды, дегенменде баға, жоғарыда айтылғандай, өндіріс құрылымын анықтауға, материалдық ағымдардың қозғалысына, тауар жиынын үлестірілуіне және халықтың өмірлік деңгейіне көп жағдайда әсер етеді. Бірақ бұл категория бүгінгі күнде соңына дейін жасақталмаған категория болып табылады. Сондықтанда баға құралуды оқып үйрену қазіргі уақытта актуалды болып табылады.

I-тарау. Нарықтық экономикада баға түсінігі және мағынасы.

Тарауда қаралатын мәселелер:

- ◆ *Баға құралуының теориялық аспектілері.*
- ◆ *Құндық категориялар жүйесі және оның құрушылары.*
- ◆ *Баға түсінігі және мағынасы.*
- ◆ *Құндық экономикалық категориялар жүйесінде бағаның орыны.*

Қазіргі кезде экономикалық ғылымда баға құралуы экономикалық теория, маркетинг және менеджмент ғылымдарының бір тарауы ретінде қарастырылады. Дегенменде, оны, өзіндік құралы мен әдісі бар ғылым ретінде жеке қарастыруымыз тиіс. Баға құралудың құрамы төмендегідей жайлардан құрылады:

- ◆ баға теориясы;
- ◆ баға жүйесі;
- ◆ баға саясаты.

Баға құралуы тәсілдері:

- ◆ индуктивті;
- ◆ дедуктивті;
- ◆ диалектикалық.

Баға құралуы ғылымы - баға қозғалысы мен оны қолдануды зерттуші ғылым.

Баға құралуының оқыту құралы-баға теориясы мен оның тәжірибеде қолданылуы болып табылады.

Баға механизімі, баға құралуы, баға саясаты нарықтың өте күрделі және нәзік құралы болып саналады және іс жүзінде оның құрылуы өте қиын. Сондықтанда, баға теориясы сұрағын бірінші кезекте қарастыруымыз тиіс. Оның ішінде қазіргі кезде кең тараған баға теориясының бірі **шығындық баға теориясы**. Бұл теорияның пайда болуы қазіргі заман экономикалық теориясының негізін қалаушылар - А.Смит, Д.Рикардо, К.Маркс ж.т.б. көзқарастарымен байланысты.

Шығындық баға теориясы бойынша тауар құны тауар өндірушілер еңбегінің әлеуметтік жиынтығы ретінде, ал тауар құнының өзі сол өнімді өндіру үшін қажетті өндіріске кететін шығын ретінде анықтаған. Соңғысы нақты тауарды дайындау үшін қажетті жұмыс уақытымен есептеледі. Бұл жағдайда нарықтық баға сол тауарларды өндіру үшін кеткен орташа шығындар бойынша құрылады.

Құн екі жақты сипатталады:

- сандық;
- сапалық.

Сандық сипаттамада тауардың тұтынылу құндылығын құратын сол тауарға кеткен еңбек мөлшерімен анықталады /тауардың қандай да бір қажеттілікті өтеу мүмкіншілігі/.

Сапалық сипаттамада, адамдар арасындағы тауар алмасуда өндірістік қатынастар ретінде көрсетілген. Осыған байланысты, басқа өнімге айырбастау мүмкіншілігі бар еңбек өнімі, құны бар болып есептеледі.

Егерде баға теориясын тереңінен қарастыратын болсақ, онда бұл жайында ежелгі кезеңдерде де көп көңіл бөлінгендігі байқалады.

Аристотель бірінші болып «айырбас құны» жайында талдаулар жасаған, осыдан барып «еңбектік құн» теориясына жол ашылған.

Феодалдық кезеңде **канонистердің** негізгі экономикалық идеялары «әділдік баға» туралы болды, оны құдай жаратқан /бекіткен/ деген оймен түсіндірді. Ол еңбек шығындарымен анықталды. *Канонистер* сауда пайдасын және пайыздық пайдаларды алуды «әділдік баға» бойынша тауар алмасу жүйесінің бұзылуы деп санады және үлкен көтерме саудаға қарсы болып шықты.

Саяси экономиканың негізін салушылардың бірі *Уильям Петти* /ағылшын экономисті/ тауардың нарықтық бағасының /табиғи бағасының/ объективтік негізін еңбектік құн теориясы ретінде атаған және бұл теория *Адам Смит*, *Давид Рикардо*, *Карл Маркс* ж.б. ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты.

Айырбас үрдісі өнімнің тауарға ауысуына, оның тұтынушылық құнының айырбас құнына ауысуына/өзгеруіне себеп болады. Осыған байланысты, тауар өз құнын басқа тауардың сандық мөлшеріндегі шамамен көрсетеді.

Құн теориясы көрсетіп отырғандай, оның құрылуының негізгі сферасы ретінде **қоғамдық өндіріс** болып табылады. Қоғамдық өндірістен тыс жерде тек өндіріс әсерінен пайда болған құнның орын ауысуы және үлестірілуі ғана жүргізіледі.

Адам Смит, тауарлық нарықта баға құралуы факторы ретінде **“еңбектік айнымалы шығындары”** түсінігін енгізді. Олар баға құралуды ретінде жұмысшы күші шығындарын түсіндірді, яғни тауар бағасы рента, еңбек ақы және пайда есебінен құрылады деген сөз.

Давид Рикардо өзінің баға құралуы үлгісін былайша анықтайды:

– баға құралуы – бұл тік/вертикально интегралданған тауар өндірісінің шегінде қосымша құн принципі бойынша анықталатын еңбек шығындарының сомасы/жиынтығы-деп түсіндіреді.

Карл Маркс **"ҚКЕШ"/"ОНЗТ"** *"қоғамдық қажетті еңбек шығындары"* түсінігін енгізді: оны баға құралуының негізі ретінде көрсетті.

"ҚКЕШ" – бұл қоғамдық қалыпты өндіріс және сол қоғамда орташа еңбек шеберлігі мен интенсивтік жайларының болуымен, қандайда бір тұтынушылық құнның жасалуы үшін қажетті шығын.

Маркс ілімі бойынша **"ҚКЕШ"** өндірісте екі шығыннан құрылады:

- өткен еңбек шығындары /өндірістік үрдісте қолданылатын өндіріс құралдары-машинааналар және құрылғылар, ғимараттар т.б/;
- тірі еңбек шығындары.

Осыған байланысты тауар құнына өндірістік құралдар құны және тірі еңбек күшімен құрылған қайта құрушы құн еніп отыр. Бұл жерде соңғысының құрамына қажетті және қосымша өнім құны кіреді. Баға құралуы бұл үлгі бойынша өндіріс тауар ұсынымын қалыптастырады. Бұл жағдайда нарық, нарықтық сұраным негізгі ролінен айрылады. Нақты тауарларға сұраным қоғамдық мұқтаждыққа байланысты болып шығады.

Баға құралуының мұндай үлгісі әртүрлі тауарларға қоғамдық мұқтаждықтың пайда болуына байланысты болып отыр. Сонымен қатар, ол қоғамдық өндірісте жасанды үйлесімдіктің орын алуымен, тауарлық ұсынымдарды ортылықтандыруымен, нормативтік еңбек шығындары негізінде тауар бағасының калькуляциялауымен байланысты.

Бұл үлгінің жетіспейтін жайлары, көрініп отырғандай, нарықтық сұранымның мәнін бағаламауда болып табылады.

Бұл жайларға келесі айқынды көзқарастардың бірі бұл *маржиналдық баға теориясы*. Бұл теорияның негізі, бағаның құрылуына әсер етуші факторлар ретінде *қажеттілік деңгейін* сипаттауы болып табылады. Ал *қажеттілік деңгейі* нарыққа шығарылған барлық тауарлар арасынан нақты бір тауарға көңіл аудару/бөлу ретінде көрінеді.

Бұл жағдайда баға негізі болып тауар өндірісіне кеткен шығын емес, оның сатып алушылар үшін қажеттілігі жоғары орынға көтеріледі. Бұндай қажеттіліктің көлемі тауарға деген сұранымның артуына байланысты, қосымша тауар көлемінің

шығарылуымен анықталады. Қажеттіліктің сандық өлшемін іс-жүзіне асыру үшін мына тәсілдер қарастырылған:

1. *Субъективті психологиялық сезімталдық.*
2. *Тұтынушының табысын еске ала отырып, тауардың жоғары деңгейдегі қажеттілігін тұтынушылық тұрғыда таңдауды графикалық суреттеу негізінде өлшемдік қатынасы (өте сирек қолданылады).*
3. *Сату үрдісіне көңіл аудара отырып тұтынушының жеке талғамы немесе таңдауы (П.Самуэльсон американдық экономист).*

Ол, бір тауар жиынтығының басқа тауар жиынтығымен салыстырмалы түрде қажеттілік көлемінің сандық мөлшерін анықтай отырып, барлық тауарлар жиыны үшін индекстік функциясын ұсынады. Бұл теория тәжірибе жүзінде үлкен орынға ие болды, бірақ баға құралу сұрағын сонына дейін шеше алмады.

Нарық талаптарына көп жағдайда жауап беретін теорияны ағылшын экономисті *А.Маршалл* және оның ізбасарлары *Дж.Робинсон, Э.Чемберлен, А.Пигу* және т.б. берді.

Олардың сипаттамалық ерекшеліктері: сұраным мен ұсынымды баға құралудың тең мәндік көрсеткіші ретінде қарастыруы; нарықта тепе-теңдікке жетудің қажеттілігін қарастыруы; сұраным мен ұсынымның талдануы және есепке алынуын қарастыруы.

Сұраным әр уақыт нарықтың күрделі категориясы ретінде белгілі. Сұранымға байланысты нарық құрлымы бекітіледі, бәсекелестік қатынас сипаттамасы анықталады, сонымен қатар тауар ұсынысы, олардың саралаулық дәрежесі, баға деңгейі, тұтынушылар мен өндірушілердің қаржылық жағдайы анықталады. Бұл жайлар толығымен *маржинальдық теорияда* есепке алынады.

Сұранымның графикалық интерпретациясын жасау үшін қажетті фактор-ұсынымның тауар жиыны */сатып өткізу көлемі/* және шығындар деңгейінің жиынтығы */баға/* қолданылады.

Атап өтілген факторлардың өзгерісін талдау, олардың кері пропорциональдық байланыстылығы туралы айқындалуына мүмкіндік туындайды, яғни бағаның төмендеуі сату көлемін ұлғайтады және керісінше.

Жоғарыда аталған баға құралуы жайындағы өзара қатынасының толық есебі, *еңбектік құн теориясы* үшін сипатталатын баға туралы түсінікті мәнді өзгеріске ұшыратады. *Маржинальдық* тұжырымдама, ағымдағы және болашақтағы баға шешіміне бейімделуіне негізделген. Сұранымға сәйкестендірілмеген баға

шешімі кәсіпорынның шаруашылық қызметіне үлкен өзгерістер енгізеді. Бұның әсері фирманы тауарларының бәсеке қабілетілігінің төмендеуіне, нарық үлесінің қысқаруына, қаржылық жағдайларының төмендеуіне апарып соқтырады.

Нарық тепе-тендігі сипаттамасы түпкілікті өзгеріске ұшырап отырады, яғни, тұрақты жай ретінде емес, серпінділікті түрде қарастырылады. Сұраным статикалық категориядан динамикалық категория қатарына көшіп отыр. Өзгеру өлшемі ретінде, өндіріс көлемінің /сату/ трансформациясы /өзгеріске ұшырауы/ болып табылады. Сонымен, *маржинальдық тұжырымдама* мынадай жайға негізделеді: баға құралуы шығындарының өртүрлі құрамдарын және олардың орынның толтыруына өртүрлі тәсілдерді қолданылуымен, баға шешімдерінің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді түрлеріне бөлінуі.

Бұданда басқа мынадай көзқарастар туындайды: шығындардың өзгеруімен байланысты *альтернативтік* шығындарды бағалаумен байланыстыра отырып, нарық қатысушыларын, қабылданатын баға шешімінің оптимизациялануына бағыт сілтейді. Мысалы: тауарлар түріндегі басты тауарлардың біріне тапсырыс көлемінің жоғарылауы, басқа тауарлар өндірісі күшін төмендетуі мүмкін. Осыдан барып, талданып отырған тауарлардың *альтернативтік* тиімділігін есепке алу қажет. Бұл шығындар мен түсім негізінде анықталады. Осыған қоса айтатынымыз, бұл тұжырымдама баға құралудың жеке түріне ие болуын қарастырады, яғни оңтайлы жағдайларын нарықтық айнымалыларға өзгерісін қарастырады.

Айта кететін жай, *К.Маркс және Ф.Энгельстің* өмір сүрген кезінде экономикалық ғылымда баға табиғатын айқындайтын негізгі екі бағыт алынған, біріншісі марксистік /баға негізінде құн жататындығын дәлелдейді/, екіншісі, австриялық /баға негізінде қажеттілік орын алады деп есептейді/.

Шектеулі қажеттілік теориясын жақтаушылар ойы бойынша және олардың жазған жұмыстарында, олардың көзқарасы экономикалық ғылымды қайта құруға бағыттай отырып, марксистік саяси экономика гипотезасын теріс бағыт деп санады. Бірақ *марксистер, маржаналдық* талдауды толығымен кері тартпалық деп түсінді.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, бұл екі теория бір-біріне кері емес, бірін-бірі толықтырушы деп түсінуіміз қажет. Себебі, экономика ғылымының алдында тұрған, оның тарихи проблемаларын шешуге жол ашады. Сонымен, баға негізіне - құн

(еңбек шығыны) және тұтынушылық құн (оның соңғы нәтижесі) алынатыны айқындалады.

Белгілі болғандай, экономикалық қатынас өндіріс үрдісінде емес, нарық арқылы туындайды. Осыған сәйкес нарық, тауарлы-ақшалай қатынастарды және құндық категорияларды (*қаржы, несие, еңбек ақы, құн, пайда, баға*) іс-жүзіне асырушы, негізгі формалардың бірі болып табылады.

Бұл құндық категориялар жүйесі өндіріс үрдісін активті түрде ынталандырады. Барлық құндық категориялар бір-бірімен тығыз байланысты. Олардың әр қайсысының өз орны бар. Экономикалық қатынас аспектілерде олар төмендегідей ретте анықталады:

Қаржы: - ақшалай қаражат қорларының қалыптастырылуы және олардың қозғалысымен байланысты туындайтын экономикалық қатынастар.

Несие: - уақытша бос ақша қаражаттарының құралуы және қолдануымен байланысты экономикалық қатынастар.

Еңбек ақы: - ұдайы өндіріске қатысушылары қоғамдық өнім құнының бір бөлігін өздеріне алумен туындайтын экономикалық қатынас.

Пайда: - ұлғаймалы ұдайы өндіріске бағытталған қаражаттарының құралуымен байланысты пайда болатын экономикалық қатынас.

Өзіндік құн: - жай ұдайы өндіріске қолданылатын қаражаттарының құралуына байланысты экономикалық қатынастар.

Негізгілердің бірі болып отырған, жоғарыда аталған категориялар арасындағы, бағаның орнын ерекше айтуымыз тиіс. Өндіріс бағасы сол өндіріске кеткен өндіріс шығындарының жиынтығымен анықталады. Баға элементтері өндіріс шығындарының капитализациялануы жолымен құрастырылады. Тауар бағасы несиенің орташа пайыздық мөлшерлемесінің ұзақ мерзімдік деңгейіне байланысты.

Валюта бағасы/курсы салыстырмалы тауар бағасына, пайыздық мөлшерлемеге, әрбір мемлекеттегі акция бағаларына тікелей байланысты.

Сонымен, өндіріс шығындарының негізгі элементтерінің бірі еңбек ақы деңгейі болып табылады. Еңбек ақы деңгейі сату бағасының серпінділігіне, тауар бойынша тарифтерге, сонымен қатар тұтынушылық қоржынына енетін қызмет түрлері бағасына байланысты. Еңбек ақыны жұмыс күшінің құны ретінде қарастыруға болады.

Еңбек ақы деңгейі пайда көлеміне тікелей байланысты, себебі пайданың жоғарылауы қосымша жұмыс күшін пайдалануға мүмкіндік туындатады, алдыңғы қатарлы технологияны қолдануға жол ашады.

Баға жүйесі әртүрлі нарықты ретке келтіру механизімі болып табылады. *Мысалы:* технологиялық, инвестициялық тауар нарығының дамуы, өндірістік ресурстардың баға динамикасына байланысты. Егер еңбек ақы өсімінен жанар-жағар май, шикізат бағасының өсімі басым болатын болса, онда ақша салудың ең қолайлы бағыты еңбек шығынын аз қажет ететін құрылғыларға салу қажет және керісінше.

Қазіргі нарықта жоғары ұйымдастырылған жүйе орын алып отыр. Олардың өзін-өзі реттеушісі сұраным, баға, өндіріс шығындары, бір-бірімен байланысты жұмыс жасайды және теңесіп отырады, бір —бірінің өзгеру деңгейіне бейімделеді.

Осыған байланысты нарық қаншалықты дамыған болса, ондағы болып жатқан өзгерістер өсері де өте үлкен жайларды туындатады. Басқаша айтқанда: нарық қаншалықты пісіп-жетілген болатын болса, соншалық ол бір қалыпты әрі кездейсоқ жайларға қарсы тұра алады деген сөз. *Дж М.Кейнс* атап өткендей, тұтынушылардың тиімді жиынтық сұранымы, күрделі тізбекті қозғалысқа енгізеді, оның орталық звеносы баға болып табылады.

II-тарау. Нарықтық экономиканың макродеңгейінде бағаның құралуы.

Тарауда қаралатын мәселелер.

- ◆ *Нарықтық экономиканың негізгі реттеушісі ретінде құн заңы.*
- ◆ *Құнның бір бөлігі /субстанциясы/ және бағаның негізі ретінде қоғамдық қажетті еңбек шығындары /ҚҚЕШ/*
- ◆ *Нарықтық экономикада қоғамдық қажетті еңбек шығындарының құралуы факторлары.*
- ◆ *Нарықтық экономикада бағаның құралуы факторлары.*
- ◆ *Баға функциялары.*

Құн заңы, тауарлы-ақшалай қатынастың экономикалық заңдарында іс-жүзіне асады, бағалық категориялар жүйесінде нарық механизмі арқылы жүреді. Барлық ұдайы өндіріске баға, құн заңы ретінде активті реттеушісі болып табылады.

Құн заңы қоғамдық еңбек шығындарының масштабын анықтайды және осы шығындардың көрсеткіштерін өзгерту мүмкіншілігін туындатады. Құн заңының талаптарына сәйкес, нарықта тауар алмасу құн арқылы жүргізіледі, яғни, оның эквиваленттігін қамтамасыз етеді. Бірақ экономикада бұл жайлардың жиі бұзылатындығы көрініп отыр.

Дж М.Кейнс идеясына сәйкес тұрақты тепе-теңдік нарықтық экономиканың шаруашылық механизмінің нақты заңдылығы болып табылмайды. Оның „Жұмыспен қамтылу, пайыздылық және ақшаның құнсыздануының жалпы теориясы„ кітабінде /1936/ негізгі идеяларының бірі, капиталистік экономикасының тұрақты тепе-теңдікке келуіне және өзін-өзі реттеуге автоматты сипаттағы иманенттік заңдылыққа келіспеушілігі. Осыған сәйкес, оның құрған суреттемесінде, экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілік идеясы бірінші орынға қойылған.

Дж М.Кейнс макроталдаудың әдіснамалық негізін бекітті, яғни, жеке түсім мен шығынның агрегаттық / x/w -тық / көлемінің бір-бірімен байланысының функционалдық сипаттамасын енгізді және тауарлы-ақшалай байланыстың дамуында мемлекет тарапынан жүргізілетін ақшалай және қаржылай саясатты есепке ала отырып, сұраным теориясының толық суреттемесін көрсетіп берді.

Жеке түсімдерді макроталдаудағы кейнсиандық бағыт біраз уақыт өткеннен соң жоғарғы орындардың біріне көтерілді. Оның негізін төмендегідей ашып көрсетуге болады: ұдайы өндірістік

кезең шегінде, сонымен бірге ұзақ кезеңде жеке сұранымның жиынтық мөлшерінің өзіне тән өзгеруі туралы статистикалық гипотеза және өндірістік күштің толық емес пайдаланылуы мен жұмыссыздықтың бірқалыпты деңгейіндегі іс-жүзіне асуы үрдісінде шығындар және тұтынымдардың әсер ету механизмі Дж М. Кейнстік бағыттың негізін құрады.

Қазіргі кездегі құн және баға теориясына көзқарастар бірнеше ерекшеліктерге ие.

Біріншіден, құнның құрылымы құн теориясы құрылымына бағынышты. Соңғысы, баға құралушы кешенді факторлардың функционалді әсерлерінің көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Құн теориясының баға теориясындағы ролі батыс экономикалық теориясында, төмендегідей өте қарапайым түрде көрсетілген: жетілген бәсекелестік жағдайында тепе-теңдік бағасы, бірінші жағынан пайдалылық шегіне, ал, екінші жағынан шығындар шегіне тең, яғни, өз кезегінде, өндірістік факторларының өнімділік функциясының өсім шектерімен анықталады.

Егерде өндірістік фактордың шекті шығындары категориясы, олардың түсінігі бойынша, түпкі кіріс көздерін анықтау үшін арналған болса, бағадан тәуелсіз қарастырылатын шекті пайдалылық категориясы, маңызы бойынша, ішкі субституционалдық біркелкіліктің және универсалдық өлшемділіктің түсінігі ретінде көрсетіледі. Олар тауарда баға арқылы айқындалады.

Бағаның қазіргі уақытындағы теориясы, кірістің түпкі көздері туралы сұраққа өндіріс факторларының өнімділік теориясы тұрғысынан жауап береді, бірақ бұл күрделенген түрде еңбек ақы көлемінің шегін еңбектің өнімділік шегі ретінде көрсеткен, ал пайыздылық капиталдық өнім шегі ретінде қарастырады. Бұл теорияның негізін қалаушы Дж Бейтс Кларк /1847-1938/.

XX-ғасырдағы *жекеше құн теориясы* эволюциясындағы келесі бір бағыт - бұл өз бетінше пайда туралы оқу бағытының құрылуы. Егерде XIX-ғасырда пайданы /кәсіпкерлік түсімді/ жоғарғы кәсіпкерліктің еңбек ақысы ретінде санаса, ал қазіргі кезде басқарудың екі функциясы алғашқылардың қатарына саналып отыр. Оның іс-жүзіне асуына әсер етуші алдыңғы қатарлы техникалық өндірісте, яғни, коммерциялық немесе жаңашылдық құрылымда экономикалық жайлардың болжамсыздығы кезінде бағалануын айтамыз. *Жаңашылдық енгізу теориясының* дамуы белгілі экономист И.Шумпетер /1893-1950/ атымен байланысты.

Тәуекелге бару теориясы, американдық экономист Франк Найттың „Тәуекелділік, айқынсыздық және пайда,, кітабінде толығырақ қарастырылған/негізделген. Кейбір жағдайларда пайда көзі ретінде нарықта монополияның орын алуын негізгілердің бірі ретінде көрсеткен.

Жоғарыда атап өткендей, нарықтық экономиканың макродеңгейінде бағаның құрылу проблемалары „қоғамдық қажетті еңбек шығыны,, түсінігімен тығыз байланысты. Құн заңының талаптарына сай тауар құны қоғамдық қажетті еңбек шығындарымен анықталады, ал, өз кезегінде қоғамдық қажетті еңбек шығындары, қоғамдық қажетті еңбек уақытымен анықталады. Бұл жағдайда нақты еңбек шығындары абстрактылы еңбек шығындарына жатқызылады, ал күрделі еңбек қарапайым еңбекке есептелінеді. Бұл қайта құрылымдар барлық еңбек шығындарын ақшалай түрде көрсетуге, яғни, жалпылама эквиваленттік ретте көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Басқаша айтатын болсақ, құн өзінің ақшалай көрінісін баға арқылы көрсете алады. Қоғамдық қажетті еңбек шығындарының деңгейімен, құнның сандық сипаттамасы анықталады. Құнның сапалық сипаттамасын былайша ашып көрсетуге болады: ол нарықтық экономикада өндірістік қатынастардың барлық жиынтығы болып табылады, себебі, жоғарыда айтылғандай, тауар айырбасы үрдісінде ғана айқындалады.

Егерде қоғамдық қажетті еңбек шығындары - бұл тірі және қоғамдық еңбектің жиынтығы болып табылатын болса, онда ол/ҚҚЕШ бірінші кезекте баға базасын, оның деңгейін және динамикасын анықтайды.

Қоғамдық қажетті еңбек шығындары әр түрлі әлеуметтік жағдайларда, яғни, жоспарлық және нарықтық іскерлікте әр-жақты құрылады.

Жоспарлық/өкімшілдік-әміршілдік экономикада қоғамдық қажетті шығындардың құрылуына және баға жүйесін қатаң реттеуге мемлекеттік органдар жүйесі арқылы өкімшілдік тәсілдермен басымдылық жолмен әсер ету жолдары қолданылады. Осыған байланысты құн заңының іс-өрекеті шектеледі. Бұл жайдың қолданылуы экономикада жағымсыз жағдайларға әкелді және осының салдарынан дағдарыстық жайға әкеліп соқтырды. Қоғамдық қажетті шығындарға ғылыми техникалық прогреске бағытталмаған ынталы шығындар, сонымен бірге әр түрлі шығындылық пен артық шығындар, сол сияқты т.б. шығындар енгізіледі, сол себепті баға жасанды

жоғарылауына әсер етті және тиімді өндірістің құрылуына кері әсерін тигізді.

Нарықтық экономикада құн заңы өзін толық айқындай отырып, құндық категориялар жүйесі арқылы өндірістік күштер мүшелерінің экономикалық қызығушылығына әсер ете отырып дамуға, тиімділіктің жоғарылауына және тауар бірлігіне *қоғамдық қажетті еңбек шығындарының* төмендеуіне жол ашып отыр.

Нарықтық экономикада *қоғамдық қажетті еңбек шығындарының* динамикасы мен деңгейінің құрылуына әсер етуші факторлар келесі топтардан құрылады:

Бірінші:- техника және технология деңгейі ҚР экономикасында техника ортаөлемдік деңгейге сай емес. Әсіресе бұл өндірістік және ауылшаруашылық салаларында көрініп отыр. Осының салдарынан еңбек өнімділігі деңгейі бойынша ҚР экономикасы әлемдік елдердің соңғы орындарының бірінде орын алып отыр.

Екінші:- өндірісті ұйымдастыру деңгейі /мамандануы, кооперациялануы, аралас өндіріс, орталықтандырылуы/. Белгілі болғандай, өндірістік жоғарғы деңгейде, оның соңғы көрсеткіштерінің тиімділігінің жоғарылауына, тірі және өткен еңбек үнемділігіне жол ашады.

Үшінші:- еңбекті ұйымдастыру, кәсіптік және білімдік деңгейі. Кәсіпқой және білімді қызметкерлер еңбектің дұрыс ұйымдастырылуы есебінен еңбек өнімділігінің өсуін 25-30 пайызға дейін көтере алады.

Төртінші:- өндіріс құрылымы. Салалардың оңтайлы жатыстырылуы өндірістік ресурстардың тиімді қолданылуына мүмкіндік береді, яғни, бір саланың өндіріс қалдықтарын және жанама өнімдерін келесі бір тауар өндірісі үшін пайдалану есебінен технологиялық шығындарды төмендетуге болады.

Бесінші:- табиғи факторлар. Қазақстанның және Ресейдің көптеген аймақтарында ауылшаруашылық өнімдері біршама қымбат, себебі оңтүстік елдерде жылыжай құрылыстарын және қорғаулы жер шараларын жүргізудің қажеттілігі төмен деңгейде немесе мүлдем қолданылмайды.

Алтыншы:- географиялық факторлар, олар көліктік тасымалдау шығындарынан құрылады. Қазақстан республикасы үшін бұл факторлар қоғамдық қажетті еңбек шығынының құрылуына көп жағдайларда әсер етеді /*мемлекеттің, континенттің орталығында орналасуы, теңіздер мен мұқиттарға шығу жолының тапшылығы, өнім тұтынушыларынан ұзақта орналасуы т.б.*/

Қоғамдық қажетті еңбек шығындарының деңгейін және динамикасын анықтайтын факторларды бағалау кезінде

төмендегідей жайларға көңіл аударуымыз тиіс: олар өздерінің экономикалық маңызы бойынша өндірістік болып табылады; көпшілік жағдайда олар баға деңгейі мен динамикасын анықтайды.

Нарықтық экономикада бағаның құрылуы тек қоғамдық қажетті еңбек шығындарымен ғана емес, ақшаның қайтаүлестіру факторлары әсерінен де пайда болады. Оған жататындар:

- ◆ сұраныс және ұсыныс қатынасы */бұл жағдайда бағаның құрылуы үшін қажет жайлардың бірі - сұраным икемділігі/;*
- ◆ әлеуметтік факторлар */бұл проблемаларды баға жүйесі арқылы шешу үшін мемлекеттің араласуы/;*
- ◆ мода және тауар болашағы факторлары, */көбіне бұл жайлар монополиялық өндіріспен сәйкестенеді/;*
- ◆ ұлттық және климаттық ерекшеліктер факторлары */кейбір ұлттардың тағамдық ерекшеліктеріне байланысты/.*

Бұдан да басқа, солтүстіктегі суық климат оңтүстіктегі өндірістерден қарағанда жылу энергиясын көп қажет етеді.

Бағаның құрылу факторлары, көріп отырғанымыздай, әр түрлі және олардың баға көрсеткішіне әсерлері әр жақты. Бір тауарлар үшін модалық факторлар артықшылық мағынада болатын болса, ал, екінші тауарлар үшін беделдік жайлар, ал, үшіншілерге ұлттық және климаттық ерекшеліктер болып табылады. Барлық факторлар бағаның құрылуына тек жеке-жеке әсер етіп қоймай, кейбір жағдайларда бірлескен жиынтық әсерлерінде тигізіп отырады.

Баға туралы толық түсінікті алу үшін оның мағынасын тереңдете қарастыруымыз қажет. Оны бағаның әр түрлі функцияларынан анықтап көруге болады. Бағаның мағынасын, оның функциясы ашып көрсетеді. Мынадай жайды есте ұстауымыз тиіс: баға функциясы ақша функциясымен ұласып жатыр, яғни, ақшасыз баға болмайды, ал бағасыз, ақша экономикалық мағынаға ие бола алмайды. Бағаға тән функциялардың тәжірибе жүзінде қолданылуына байланысты көптеген экономистер оның негізгі *бес функциясын* атап көрсетті:

- ◆ есепті-өлшемдік;
- ◆ қайтаүлестіру;
- ◆ ынталандыру;
- ◆ баланстық/теңестіру;
- ◆ өндірісті орналастыру.

Есептеу және шығындарды өлшеу функциясын баға, әр түрлі шаруашылық үрдістерін, олардың көрсеткіштерін өлшеумен ұйымның құндық есепті орындауы бойынша жүргізеді. Мысалы, алдын ала дайындалған жағар май көлемі /көліктік дайындау шығындарын қоса алғанда/ осы тауардың баға сомасына эквивалентті. Кәсіпорынның өндірген немесе сатып-өткізген тауарлық өнімдерінің көлемі, оның өнімінің немесе қызмет көрсетуінің жиынтық құнына тең. *Есептік-өлшемдік функцияны* іс-жүзіне асыра отырып баға, тауарлар мен қызмет түрлерінің еңбек шығындарына байланысты әр түрлі тұтынушылық жайлардың салыстырылуына мүмкіндік туындатады. Қоғамның, дайын тауарларға деген мұқтаждығының қамтамасыз етілуінің қаншаға түсетіндігін баға көрсетіп береді. Сонымен қатар өндірістік айналым шығындарын және пайда көлемін анықтайды.

Баға механизмінің көмегімен экономика секторындағы пайда мөлшері жоғары өндірістерге капиталдың шоғырлануы іс-жүзіне асады. Осыған сәйкес баға өзінің *өндірісті орналастыру функциясын* жүргізеді.

Сұраныс пен ұсынысты теңестіру функциясы /баланстық/, өндірістегі және айналымдағы келісімсіздік/диспропорциялық жайлардың орнын толтыру есебінен жүргізіледі. Теңестіру, өндіріс көлемінің өзгеруі есебінен немесе бағаның өзгеруі есебінен /немесе бұл екі шараны бір кезеңде жүргізу арқылы/ жүргізілуі мүмкін.

Бағаның *ынталандыру функциясының* мәндік сипаттамасын төмендегідей сипаттауға болады: яғни, оның өндіріске әсер етуі және әр түрлі тауарларда пайданың бекітілген деңгейі арқылы тұтынылуы.

Бағаның көмегі арқылы, ғылыми-техникалық прогресті, шығын үнемділігін қамтамасыз етуді, өнімдер сапасын жақсартуды, өндіріс және тұтыну құрылымдарын өзгертуді ынталандыруға немесе керісінше тоқтатуға мүмкіндік туындайды.

Ынталандыру функциясы, бағадағы пайда деңгейін теңестіру жолымен, бағаға қосымша баға немесе жеңілдіктер беру жолымен жүргізіледі.

Бағаның *үлестіру және қайта үлестіру функциясында* негізгі орындарға ие. Ол нарықтық факторлар іс-әрекеті шегінде бағаның құннан ауытқуына байланысты. Баға үлестіру және қайта үлестіру экономика салалары арасындағы ұлттық түсімнің, оның секторларының, әр түрлі меншік формаларының, аймақтарының, қорлану және тұтынылу қорларының, әр түрлі әлеуметтік тұрғындар тобының арасында үлестіру құралы ретінде

қолданылады. Мысалы: қымбат заттарға /алтын, күміс, т.с.с./ және беделі/имиджі жоғары тауарларға бөлшек сауда бағасының жоғарылауы халықтың бір бөлігінің әлеуметтік бағыттағы қорларды құруы үшін ақша түсімін үлестіруге көмектеседі. Бағаның бұл функциясы нақты бір тауарлар тобының акцизы, ҚҚС және басқа да салықтық сипаттағы алымдар, мемлекет халқының әлеуметтік мұқтаждығын қанағаттандыруға бюджетке аударымдар арқылы көрініп отырады.

Баға үлестіру құралы ретінде активті түрде қолданылады. Көбіне мемлекеттік немесе реттеуші бағаны қолданғанда бұл жайлар байқалады. Дегенменде, баға - үлестіру мен қайта үлестірудің жалғыз ғана құралы емес. Бұл жерде қаржы-несие жүйесі және еңбек ақы да үлкен роль атқарады.

Бағаның әр түрлі функцияларының арасында тығыз байланыс бар. Олар кейде бір бағытты нұсқаса, келесіде бір-біріне қарама-қайшы жағдайда болуы мүмкін. Мысалы: бағаның ынталандыру функциясы сұраным мен ұсынымды теңестіру функциясын іс-жүзіне асыруға көмектеседі, сұранымға ие тауарлар өндірісін өсіруге жол ашады. Ал, бағаның төмендеуі ұсыным көлемін төмендетеді.

Бағаның үлестіру функциясы өндірісті оңтайлы орналастыру функциясымен бірге іс-әрекет жасайды, яғни жоғарғы сұранымға ие тауарлар өндірісі сферасына капиталдың жинақталуын іс-жүзіне асырады.

Есептік-өлшемдік баға сферасы көп жағдайларда өзінің басқа функцияларымен қарама-қайшы жағдайда болады, себебі, нарықтық жағдайда баға, өндірістік шығындардан көп ауытқуларға ие. Баға функцияларының бір-бірімен байланысын айта келе, оның арнайы маркетингтік зерттеулер құралы болып табылатындығын ұмытпауымыз тиіс.

Бакылау сұрактары:

1. Құнның мағынасы және қалай өлшенеді?
2. Альтернативті шығындар және альтернативтік тиімділік қалай белгіленеді ?
3. Нарық экономикасында баға құралуының негізгі факторларын атаңыз .
4. Қоғамға-қажетті еңбек шығындары түсінігінің мағынасын сипаттаңыз (ҚҚЕШ).
5. Экономиканы реттеу жолында Дж.М.Кейнс идеяларының негізгі бағыты.
6. Экономикалық категориялар жүйесінде бағаның орны.
7. Баға құралуының бағыттары, олардың артықшылығы және кемшілігі
8. Құн теориясына қазіргі кезеңдегі көзқарас.
9. Пайда туралы ілімінің қазіргі кезеңдегі мағынасы.
- 10.Пайдалылықты өлшеу әдістері, олардың мағынасы.
- 11.ҚҚЕШ-ың әр-бір әлеуметтік жағдайларда қалыптастырылуы.
- 12.Баға функциялары.
- 13.Нарық экономикасында құн бағасының ролі.
- 14.Құнның сандық және сапалық жақтары.
- 15.Нарық экономикасында ҚҚЕШ-ың серпінділігі мен деңгейін қалыптастыратын факторлар.

III-тарау. Экономикадағы баға жүйесі.

Тарауда қаралатын мәселелер.

- ◆ *Баға жүйесінің түсінігі, маңысы және объективтік қажеттілігі.*
- ◆ *Бағалар өзара байланысы және өзара тәуелділігі*
- ◆ *Бағаның жіктелуі/классификациясы.*
- ◆ *Бағаның түрленуі/модификациясы. Баға шегерімі және үстемелеу жүйесі.*

Экономикадағы іс-әрекет жасаушы барлық бағалар бір-бірімен байланысты және өз-ара жеке жүйе құрады. Бұл жүйе көптеген нарықтық факторлардың әсерінен әр уақыт қозғалыста болады. Баға жүйесі жеке өз-ара байланысты баға блоктарынан құрылады. Барлық бағалардың байланыс негізін, қан тамырлары қызметіне ұқсас байланыстылық принципі құрады, бір жүйедегі баға қозғалысы басқа да барлық жүйеге автоматты түрде өзгертулер енгізеді.

Баға жүйесінің маңызды және негізгі блоктары төмендегідей:

- ◆ *көтерме сауда бағасы;*
- ◆ *сатып алу бағасы;*
- ◆ *бөлшек сауда бағасы;*
- ◆ *жүк көлік қызмет көрсету тарифі.*

Бағаның негізгі блоктары бірнеше блокасты бөліктерден тұрады. Мысалы ретінде: көтерме сауда бағасы блогы екі блокасты тобына бөлінеді, кәсіпорындардың көтерме сауда /босату/ бағасы және өнеркәсіптік көтерме сауда бағасы. Жүк көлігі тарифтер блогы мынадай блокасты бөліктерінен тұрады: темір жол жүк көлігі тарифі, теңіз жүк көлігі тарифі, өзен жүк көлігі, әуе жолымен тасымалдау, автожүк көлігі, құбыр байланысы жүк көлігі тарифтері.

Барлық бағалар жүйелерінде анықтаушы және негіздеуші роль атқаратын, бұл - базалық өнеркәсіптік салалар өнімдерінің бағасы, яғни, отын - энергетикалық кешендерінің, металлургия саласының өнімдері, себебі, бұл өнімдер экономиканың барлық салаларында қандайда болмасын бір көлемде тұтынылады немесе қолданылады. Энергиялық өнімдер бағасының өзгеруі барлық

өнімдер мен қызмет түрлерінің баға деңгейіне тез арада өзгерістер енгізетіндігі айқын.

Ауылшаруашылығы салаларының өнімдеріне баға динамикасының өзгерісі жеңіл және тамақ өнеркәсібі салалары өнімдерінің бағасына үлкен өсер етеді. Баға жүйесін сипаттайтын параметрлер: баға деңгейі, құрылымы және динамикасы. Себебі, өнімнің бір түріне, түрлі жайларға байланысты әр түрлі баға деңгейі қойылуы мүмкін /мысалы: бір қаладағы әрбір дүкендердегі азық-түліктік тауарларының бағасы/. Әр түрлі өнімдердің бағасы өзінің құрылымы бойынша да өзгеше болуы мүмкін, бірінде пайда көлемі жоғарғы деңгейде болады да, ал келесі бірінде - төмендеу. Әр түрлі жағдайларға байланысты әрбір жыл есебімен бағалар қандай да бір динамикаға ие болады. Оны былайша түсіндіруге болады, өндірістік шектен асыра өндіру өсерінен құлдырау кезінде баға төмендейді, ал экономиканың жеделдеуі кезеңінде кері динамика байқалады.

Жоғарыда аталып өткендей баға жүйесіндегі барлық бағалар бір-бірімен тығыз байланысты. Өзара жеке жүйе құрушы бағалар байланысы және өзара тәуелділігі төмендегідей екі жағдайға негізделген:

- ◆ *құн заңы, сұраным мен ұсыныс және де басқа экономикалық заңдарды қолдана отырып, жекеше әдістемелік негізде бағаның құралуы;*
- ◆ *бағаның өсерінен өндірістік кәсіпорындар мен салалардың шаруашылық қызметінің байланыстылығы.*

Бұл байланыс пен тәуелділікті агроөнеркәсіптік, орман және басқа да кешендік кәсіпорындар мен салалар мысалында көруге болады. Бұл жағдайда айтатынымыз, соңғы өнімнің бағасы, келесі және аяқтаушы кезең үшін қолданылатын шикізат ретінде, бастапқы кезең өнімінің баға деңгейімен анықталады.

Баға байланысы тек қана кәсіпорындар арасындағы технологиялық байланыс кезінде ғана емес, оның жоқ кезінде де болатындығы байқалады. Себебі, жеке салалардағы және жеке категориялық жұмысшыларға еңбек ақы деңгейінің өзгеруі, зергерлік бұйымдардың, әдет-ғұрыптық қызмет түрлерінің және т.б. арзандап немесе қымбаттап кетуіне өсер етуі ықтимал.

Жеткілікті түрде күрделі баға жүйесінде бағыт-бағдарды таңдау үшін баға жіктемелері қолданылады. И.Желтякова, Г.Маховикова, Н.Пузыня бағаның келесідей жіктемесін атап көрсетеді:

А. Айналымды қамтамасыз ету сипаттамасы бойынша.

- ◆ *Көтерме сауда бағасы* - кәсіпорынның өндірген тауарын басқа кәсіпорынға немесе сатып-өткізу ұйымына сату үшін қолданылатын баға.
- ◆ *Бөлшек сауда бағасы* - сауда-саттық ұйымының халыққа өнімдерді сатып өткізуі үшін қолданылады.
- ◆ *Сатып алу бағасы* - ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер өз өнімдерін келесі өңдеулер үшін мемлекетке, фирмалар мен кәсіпорындарға сату бағасы.
- ◆ *Сметалық құн* - құрлыс өнімдеріне /ғимараттар, құрылғылар/ төлеу үшін баға.
- ◆ *Халыққа қызмет көрсету бағалары мен тарифтері* - бөлшек сауда бағаларының негізгілерінің бірі /денсаулық сақтау, ТКШ, қонақ үй және туризм қызметі, тұрмыстық қызмет көрсету т.б./

Б. Мемлекет тарапынан реттелу әсерлері, нарықтық бәсекелестікке байланысты.

- ◆ *Еркін/нарықтық баға* - нарық конъюнктурасына сәйкес сұраным мен ұсыныс негізінде өнімдерге /қызмет түрлеріне/ өндірушілердің қойған бағасы.
- ◆ *Реттелуші баға* - арнайы басқару органдарының қойған бағасы, олар көбіне жоғарғы дәрежелі әлеуметтік бағыттағы өнімдер, тауарлар мен тарифтерге қойылады.
- ◆ *Паритеттік баға* - бағаның бұл түрі АҚШ-да мемлекеттік органдар, ауылшаруашылық өнімдері бағасы мен басқа да тауарлар және қызмет түрлері бағасының қатынасын реттеу үшін қолданылады.

В. Бағаның қойылу әдісі бойынша.

- ◆ *Қатаң /тұрақты/ баға* - келісім шарттарда қолданылады және оның аяқталуына дейінгі кезеңде өзгеріссіз қалады.
- ◆ *Ағымдағы баға* - әрбір кезеңдегі баға деңгейі. Олар бір келісім шегінде өзгеруі мүмкін және баға жағдайымен айқындалады.
- ◆ *Қозғалмалы баға* - келісімде белгіленген баға, екі жақтың келісімі бойынша нарықтық бағаның өзгеруіне байланысты келісімнің орындалуы кезінде болашақта өзгеріске ұшырайтын баға.